



1 қазан-Халықаралық Қарттар күні

Құттықтаулар!

Қарттарын қадірлеген ел ардақты

Құрметті қариялар! Қадірлі аға буын өкілдері!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні құтты болсын!

Халқымызда «Қариясы бар ел – қазыналы ел» деген тағылымды сөз бар. Біз әрқашан қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған текті елдің ұрпағымыз. Әркез алдыңғы буын аға-апаларымыздың ел дамуы жолындағы ерен ерлігі мен қажырлы еңбегін үлгі тұтамыз. Өйткені, ғұмыры ғибратқа толы ардақты ардагерлердің жүріп өткен жолы – өнеге мен тағылым мектебі.

Елімізде ардагерлердің жақсы өмір сүруіне көп көңіл бөлінуде. Зейнетақының өсуі, ардагерлерге жасалып жатқан жеңілдіктер, көп балалы аналарды марапаттаумен қатар басқа да игі шаралар ардагерлерді қолдау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар ауданда да атқарылып жатыр. Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өмірі өнегелі қарияларға көптеген құрмет көрсетіліп келеді.

Бүгінде ауданда 1 Ұлы Отан соғысының ардагері, 193 тыл ардагері және 9 176 зейнет жасындағы қария бар. Олардың әлеуметтік жағдайы, күнделікті тыныс-тіршілігі, тиісті қолдаулар мен жеңілдіктерге ие болуы мемлекет назарында. Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан зейнет жасындағы ардагерлер қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, қоғамның дамуына зор үлес қосып жүр. Сол себепті Сіздерге үлгі болар өнегелі істеріңіз үшін шексіз алғысымызды білдіреміз.

Сіздерді мерекемен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілейміз!

Құрметпен:
Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі,
Ордабек ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихаттың төрағасы.

Құрметті ардагерлер!

Сіздерді 1 қазан Халықаралық Қарттар күнімен құттықтаймын! Өмірдің талай соқпақтарынан өткен қариялар үшін бұл айтулы мереке. Жастық шақтарыңызда сіздер еңбектің тай қазанын қайнатып бейнет жасадыңыздар. Бұл күндері сол бейнеттің зейнетін көрудесіздер.

Еңбек демалысында болсаңыздар да жастар тәрбиесінен қол үзбей келесіздер. Кейінгі буын сіздерге қарап бой түзейді. Оларға берер тәлім-тәрбиелеріңіз де мол.

Қадірлі аудан қариялары!

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтап, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

Қарттарым

Қарттарым-ай кең пейілді ырысым,

Күн қақтаған шекпеніңмен ұлысың.

Бізге үлкен қорған екен, дауылда,

Қыр басында көкке қарап тұрысың.

Сақал-мұртын еппен сипап тарамдап,

Келгенді де кеткенді де бағамдап.

Еннен танып есек мінген баланы,

Қол жайғызып, тілер еді оған бақ!

Бұрынғыдай думан, тойды қаламай,

Бұрынғыдай келер күнді санамай.

Тауға шығып кеткісі көп тұрады,

Тұсаулаған қарттық әлге қарамай.

Бұғаулаған бұла күші бар жандай,

Базары мол балғын жүзді баладай.

Сұлуға да көз салғысы көп кетед,

Өздігінен отқа оранып қарадай.

Сиреп кетті сырласатын қатар жоқ,

Сына түскен ой шашырап, санадай

Шақшаластың шақшасы бар, өзі жоқ,

Көз көргендер көзден ұшып барады-ай.

Жәкелер-ай, жақсылықтың жаршысы,

Ақыл менен парасаттың арнасы.

Ғасыр жаса, хатқа қалдыр ақылды,

Қарттарым-ай қасиеттің қамбасы!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023

Түркістан облысы Созақ ауданының

ӘКІМІН САЙЛАУ

ВЫБОРЫ АКИМА

Созакского района Туркестанской области

АУДАНЫМЫЗҒА БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ



Ауданға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасы Мәулен Зарлықұлы жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында аудан орталығында «Жайлы мектеп» жобасы аясында жүріп жатқан 900 орындық

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің құрылыс аумағында болды. Онда құрылысқа қатысты туындаған мәселелерді талқылап, бұл жөнінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бірқатар ұсыныстарын жет-

кізді. Басқарма төрағасы Мәулен Зарлықұлы мердігер мекеме басшылығына құрылыс және жабдықтау жұмыстарын сапалы жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, жаңа мектептің техникалық жарақтандыру үлесі 4 есеге ұлғайтылып, робототехника кабинеттері, зертханалар, хореография залдары қарастырылып отыр. Оқу кабинеттері интерактивті тақталармен және компьютерлермен жабдықталатын болады. Жайлылық пен тиімділікті қамтамасыз етіп, мектепшілік кеңістік ыңғайлы болу мақсатында бастауыш сыныптар, орта/жоғары буын оқушылары үшін жеке блок жасалады.

«СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ» КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН НАЗАРҒА АЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығынан салынып жатқан заманауи үлгідегі 200 орындық «Спорттық-сауықтыру» кешені құрылысының барысын бақылауға алды. Онда мердігер мекеме өкілдері және жауапты сала мамандары болды.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдеріне өндірістік кестеден қалып қоймай, жұмысты барынша ширатып, сапасына мән беру керектігін айтты. Бұл жөнінде жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, жалпы ауданы 3 га болатын спорт кешенінің оқу-жаттығу базасы да барлық заманауи талаптарға сай. Кешенде түрлі облыстық, республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қолайлы жағдай жасалған. Екі қабатты гимна-



ратта волейбол және баскетбол алаңдары, күрес және аралас жекпе-жек пен боксқа арналған зал, бассейн, футболмен айналысуға арналған ашық спорт алаңы бар.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Құрылыс нысанында болды

Ағымдағы жылы 20 қыркүйек күні Созақ ауылы Ыбырай елді мекеніндегі 200 орындық Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің құрылысына «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың, Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың, құрылыс нысанының тапсырыс берушісі - Түркістан облысы құрылыс басқармасының өкілі Б.Разақтың, құрылыс нысанына техникалық қадағалаушы «АБК Стройинженеринг» ЖШС маманы Б.Данияртың, құрылыс жобасына авторлық қадағалаушы «Улмад» ЖШС маманы Қ.Шубаевтың және құрылыс нысанының бас мердігері «Каратау ЛТД» ЖШС директоры Қ.Тұрсынбековтың қатысуларымен зерделеу жұмыстары жүргізілді.

05.09.2023ж. аталған құрылыс нысанына бақылау жұмыстары жүргізіліп, бірқатар кемшіліктер анықталған болатын. Анықталған кемшіліктер бойынша Түркістан облысы құрылыс басқармасының басшысы Т.Усубалиевке және Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы А.Исмайловтың атына хаттар жолданып, онда осы құрылыс барысында жіберілген кемшіліктер бойынша тиісті тараптарға шара көру жөнінде және жауапты мамандардың қатысуымен құрылыс жұмыстарына қайта саралау жүргізу жөнінде ұсыныстар айтылған болатын.

Бүгінгі кездесуде Түркістан облысы құрылыс басқармасының өкілі Б.Разақтың мәлімдемесі талқыланып, құрылыс нысанының бас мердігері «Каратау ЛТД» ЖШС, авторлық қадағалаушы «Улмад» ЖШС, техникалық қадағалаушы «АБК Стройинженеринг» ЖШС айыппұлдар салынғаны және нысанның құрылысы өндірістік кестеге сай жүргізілуі және құрылыстың сапасына мән беру жөнінде тағыда ескертілді.

Нысанның дайындығы: 50 пайызды құрап отыр.

Жобаның құны: 998 785, 0 млн.теңге (РБ.МБ)

Бөлінген қаржы: 550 млн. теңге (маусым-100 млн., шілде-150 млн., тамыз-150 млн.теңге, қыркүйек-150 млн.теңге).

Құрылыстың ағымдағы жағдайы: құрылыстың басталуы 2022 жылдың қазан айында.

Пайдалануға беру мерзімі: желтоқсан

2023 жыл.

Нысанның қазіргі таңдағы құрылыс жұмыстары: Нысан басында құрылыс жұмыстарын атқарып жатқан 57 жұмысшы және екі техника жұмыс жүргізіп отыр.

«АМАНАТ» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының ұсынысы ескерусіз қалып, сыйымдылығы 50м3 қысымды су мұнарасы (водонапорная башня) қауіпсіз аймаққа орнатылмаған. Мектеп ғимаратының алдында елді мекен тұрғындарының қора, әжетхана, мал ұстайтын жәйі орналасқан. Бұл көрініске және өрт қауіпсіздігіне, санитарлық жағдайларға да сай келмейтін болғандықтан жабық қоршаумен қоршауды ұсынамыз. Бақылау барысында жұмысшы санының көбейгендігі, құрылыс жұмыстарының біршама алға жылжығандығы байқалды.

Алдағы уақытта жұмыстарды үдету үшін және аталған кемшіліктер бойынша нысанның тапсырысшысы-Түркістан облысы құрылыс басқарма басшысының атына арнайы хат жолданатыны жөнінде осы құрылыстың прорабы-Ж.Шерібетовке ескертілді.

Сонымен қатар, «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың сыйымдылығы 50м3 қысымды су мұнарасын (водонапорная башня) қауіпсіз аймаққа ауыстыру және мектеп қоршауын металлдық тор материалдың орнына металлдық тақталармен қоршау жөніндегі ұсыныстар талқыланып, қайта пысықталды.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарына қаралған 550 млн. теңгенің, 520 млн. теңгесі игерілгені анықталды.

Сонымен бірге құрылыс жұмысының қарқын ала бастағандығы байқалды. Өткенде айтылған кемшіліктерді жою жөнінде біршама жұмыстар атқарылған. Дегенмен әліде кемшіліктердің орын алып отырғандығы көрсетілді. Атап айтсақ: белгіленген кестеден 10 күнге кешігіп келе жатқандығы, жұмысшыларды арнайы киімдермен жабдықтау жұмыстары жүргізілмеген. Алдағы уақытта құрылыс нысанындағы жұмыстар партиялық бақылау комиссиясының назарында болатындығы айтылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

«АШЫҚ ӘКІМДІКТЕГІ АШЫҚ КІТАПХАНА» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы іске қосылды. Жылжымалы кітап пункті аудан әкімшілігі мен Шолаққорған ауылдық округінің әкімшілік ғимаратында, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығында ашылды.

«Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасына аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов арнайы қатысып, жобаның оқырмандар үшін пайдасы мен

жобаның лентасы қиылды.

Аталған жоба мақсаты билік пен халық арасындағы байланысқа руханият арқылы дәнекер болу, халықтың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің кітапхана қорындағы кітаптарға қолжетімділігін арттыру болып отыр.

Ашық әкімдікте орналасқан кітап пунктіне кітапхана қорынан тарихи және көркем әдебиет бағытындағы кітаптар мен сондай-ақ мерзімді басылымдар



тиімді тұстары жақсы екенін тарқата айтып өтті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат депутаты Рабиға Шамақызы және аудан әкімдігінің мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мерей Ниязәліұлы кітапхана ұжымының жаңа бастамаларына сәттілік тілеп, жаңа

соңғы кезде сұранысқа ие болып жатқан мотивациялық кітаптар қойылып, оқырмандардың сұраныстарын толықтыру үшін арнайы кітапханашылар жауапты болып орналастырылды. Оқырмандардың сұранысы бойынша сәредегі кітаптар жаңартылып отырады.

Қоғамдық қабылдау өтті



Мемлекеттік органдардың ашықтығын көрсету мен халық қажеттіліктерін қанағаттандыру, заң шеңберінде тиісті уәкілетті органдар арқылы мәселелерді шешу және жүргізілген азаматтарға құқықтық көмек ұсыну мақсатында Созақ аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының ғимаратында аудан тұрғындарына мемлекеттік көрсетілетін қызмет саласы бойынша қоғамдық қабылдау өтті.

Аталған шараға Созақ ауданы әкімдігінің мемлекеттік қызмет көрсету саласына жауапты дер-

бес бөлім қызметкерлері қатыстырылды.

Қабылдау барысында аудан тұрғындарының мемлекеттен дипломмен ауылға бағдарлама алу, тұрғын үй алу, жер құжаттарын заңдастыру, ауыл шаруашылық техникаларын алу және әлеуметтік көмектерді алу сияқты өзекті сұрақтарына тиісті сала мамандарымен жауаптар берілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

АҚПАРАТ

электрондық ақпараттық ресурстары және сайлаушылар үшін бірыңғай call орталықтар құру бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілуін тексеру бойынша байланыс (call center) орталығы

Аудан	Сайлаушылар базасына жауапты тұлғалар	телефон нөмірі	Байланыс орталығына жауапты тұлғалар	телефон нөмірі
Созақ ауданы	Түлепбергенов Жеңісәлі Бақытжанұлы Зейнулла Бегайдар Қайратұлы әкімдік қызметкерлері	+7 702 402 10 02 + 7 747 654 47 17 Қызм ном: 8725-464-27-91	Түлепбергенов Жеңісәлі Бақытжанұлы Зейнулла Бегайдар Қайратұлы әкімдік қызметкерлері	+7 702 402 10 02 +7 747 654 47 17 Қызм ном: 8725-464-27-91



Тәрбие тал бесіктен басталады

Бала тәрбиесі қай уақыт шеңберінде болмасын оттан түспейтін өзекті мәселе. Бұл ауқымды міндеттің құлағын ата-ана, мектеп, тіпті ауыл жұртшылығы болып ұстауға міндетті. Мектеп білім ордасы ғана емес, ол тәрбие бесігі. Тәрбие бесігіндегі ұстаздардың киім киюінің өзі мәдениет, әдеп, өнеге саналады. Мектепке қалай болса солай келе салуға болмайды. Біз мектепте оқып жүргенде «Мектеп ережесі» деген болатын. Мектеп табалдырығы «Оң қол ережесі», «Киім кию», «Сәлемдесу», «Клас ережесі», «Тазалық» сияқты ауқымды ішкі ережелермен танысудан бастала-тын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты кезекті Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы: - Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Білім саласындағы жүйелі түрде жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, өз өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алу өзекті мәселе болып қала бермек.

Бүгінгі күн тәртібіндегі басты сұрақ кәмелетке толмаған жасөспірімдердің жарқын болашағын қалыптастыру, оларды суицидтік және тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларынан оқшаулау, сонымен қатар құқық бұзушылықты мейлінше төмендету болып табылады.

Бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек-деген сөздерінен жаңа Қазақстанның кемел келешегіне жол нұсқағанын айқын аңғардық. Бастысы мемлекетіміздегі жылдың басты құжаты саналатын Жолдаудан халықтың әлде де күтері мол.

Балалардың мінез-құлқының нормадан, шамадан тыс ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Қазіргі кезде ақпарат тарату еркіндігі кең таралған. Ол балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Осының салдарынан қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолдануы немесе әр түрлі қылмыстық іс-әрекетке баруы жиілеуде. Жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік-рухани жағынан тәрбиелеп, нағыз адам қалыптастыру керек.

Шолпан ЕСТАЕВА,
Созақ аудандық архивінің
қойма меңгерушісі.

Молшылықтың көзі шаруаның қолында

Біз аудан шаруалары Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауынан үлкен жаңалықтар күттік. Және жолдау біздің болашаққа деген үмітімізді қайта оятты.

Онда Президент: «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз»-деген еді.

Өйткені шынында ауыл шаруашылығы саласына тың өзгерістер керек. Оны мал баққан, егін еккен малшы мен дихан жақсы біледі. Қазіргі шақта баққан малымыздың еті мен сүтін өткізуде аздап жылжу бар да, жүнін өңдеп пайдаға асыру мүлдем қиын болып тұр. Молшылықтың көзі шаруаның қолында екені рас.

Президент: «Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап

тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылжымай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі

мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деп Президент айтты отырғандай техникаларды алу қиындық тудыруда. Техника болса малымызды алыс жайылымдарға жайып қоңын арттырып, ол әрі жем-шөп қорына да үлкен көмек болар еді. Техника дегенде тек трактор, машиналар ғана емес. Алыс жайылымдардағы су тартатын насостар, жылжымалы цистерналар, қи шығаратын транспортерлер, электр қондырғылары, ойдақырда мал шаруашылығын өркендету үшін қажетті қондырғылар үлкен сұранысымызға ие болуда. Біз Жолдаудағы басты бағыттар қолға алынып, алдағы уақытта шаруа еңбегін жеңілдетеріне сенеміз.

Еркін АСАНОВ,
«Сенім» шаруа
қожалығының төрағасы.

Жолдау тапсырмаларын орындау-басты мақсат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы көңілімізден шықты. Мәні бар құжатты оқып, танысқаннан кейін көңіліме ой түйдім.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өтсек.

«Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді-тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті



игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Бұл жаңа тұрмыстық мәдениетке айналуы қажет. Жалпы, бұл-үй шаруасына ғана емес, тұтас экономикаға ортақ талап. Қазір суды оңды-солды пайдалануға мүлде болмайды. Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек.

Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет.

2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі

өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету-біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын.

Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтіп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!-деп Президент Қазақстан халқына Жолдауында өзекті мәселелерді айтты.

Біздің мақсат-Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтылған тапсырмаларын орындау болып табылады.

Жандар БЕКБЕРГЕНҰЛЫ,
«Созақ жастары» ҚБ
төрағасы.

"Алтын Күз-2023" жыл жәрмеңкесі

Өткен бейсенбі, 21 қыркүйек күні ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылында жылдағы әдетпен ауыл шаруашылығы өнімдерінің дәстүрлі жәрмеңкесі «Алтын Күз-2023» іс-шарасы болып өтті. Әуелі аудан басшылары да жұртшылығы да Кәсіпкерлік мектептің қарсысындағы алаңқайға жайғастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін тамашалады. Жәрмеңкеге асыл тұқымды бұқалар мен қошқарлар шығартылды. Бұдан бөлек аудан диқандары өндірген жеміс-жидек, көкөніс пен бақша өнімдері және дәнді-дақылдар аудан тұрғындарының тәтынуына ұсынылды. Сондай-ақ, жалпы шараға мұрындық болған аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен осы салаға қатысты техникалардың көрмесі де өтті. Жәрмеңкеге жан-жақтан БАҚ өкілдері де келіп, хабар таратты.

Көрмені тамашалап болған соң аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков сөз сөйлеп ашқан ауыл шаруашылығы шарасына аудан тұрғындары, ауыл және мал шаруашылығымен айналысып жүрген бірқатар кәсіпкерлер, осы салаға қатысы бар бірқатар сала қызметкерлері келіп қатысты. Жоғарыда айтқанымдай, әуелгі болып сөз алған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы 2023 жыл бойынша өңірімізде атқарылған ауыл шаруашылығы жұмыстарына тоқталды. Аудан басшысының айтуына қарағанда биыл бұл салада жылдағымен салыстырғанда біршама ілгерілеушілік бар көрінеді.

Үздік ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірген ауыл әкімдіктері анықталды

Сонымен, аудан әкімінің ауызымен келтірілген сандарға кезек берер



ару әдісін 100 %, Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңалауды 100 %, Қой аналығын тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін арттыру 93 %, құс фермаларынашу 50% орындап II орынға шығып, Мұхит Сексенбайұлының қолынан алғыс хат пен заттай сыйлықты иеленді.

Созақ ауылдық округі: Егістік жерді игеру 103 %, тамшылатып суару әдісін 400 %, Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңалауды 33 %, Мүйізді ірі қара аналығын тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін арттыру 111 %, Қой аналығын тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін арттыру 54 %, құс фермаларынашу 100% орындап жүлделі III орынға табан тіреді. Бұл ауыл әкімдігі де аудан басшысының қолынан алғыс хат пен заттай сыйлыққа ие болды.

Құмкент ауылдық округі: Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция тарту 100 %, Егістік

оратын орақ, доңғалақты трактор «Беларус- 892,2» маркалы ауыл шаруашылығы техникаларын алғаны және 10 га жерге қарбыз егіп, 200 тонна өнім алғаны үшін аудан әкімінің алғыс хаты мен бағалай сыйлығына ие болды.

«Сыбаға» бағдарламасы аясында 4 бас асыл тұқымды қазақтың ақбас бұқаларын сатып әкеліп, 100 бас мүйізді ірі қара мал аналығын тартып, селекциялық асылдандыру бағытында нәтижелі жұмыс жүргізген Созақ ауылдық округінің «Ұзынаққан» шаруа қожалығының төрағасы Егенов Әкімжан Иманбердіұлы марапатталды.

«Алтын асық» бағдарламасы аясында 500 бас қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойын алған Сызған ауыл әкімдігіне қарасты «Пернебай» шаруа қожалығының төрайымы Гүлшахира Әбілқасымова марапат иесі атанды.

Қаратау ауыл округінен Доңғалақты «892,2» маркалы ауыл шаруашылық техникасын алып, ауданымыздың ауыл шаруашылығына үлес қосқаны үшін «Аманат» ш/қ төрағасы Омар Іргебай марапатталды.

«Алтын асық» бағдарламасы аясында 56 бас асыл тұқымды қазақтың қылшық жүнді қошқарларын сатып алып, 1500 бас тауарлы саулық қойды түрлендіруге тартқан, селекциялық асылдандыру жұмысын жүргізіп отырған Қарақұр ауылдық округінен «Шегебай» ш/қ төрағасы Қайырбек Шегебайұлы Оспанов

«Алтын асық» бағдарламалары аясында 200 бас асыл тұқымды қазақтың құйрықты қылшық жүнді қошқарларын сатып әкелген Таукент кенті әкімдігінің жеке кәсіпкері Қаншайым Есенгелдіқызы Мұқымбекова марапатталды.

Ауданымыздың ауыл шаруашылығына үлкен қосқаны үшін кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Ақберген Аманәліұлы Байбабаев аудан әкімінің алғыс хатына ие болды.

Аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Құл-Ахмедұлы Бек ауыл шаруашылығына қатысты мақала жазып, осы саланың дамуына сіңірген еңбегі үшін Мұхит Тұрысбековтың тарапынан марапатталды.

«Ырыс» МҚҰ-ның өкілі Ғалым Сембекұлы Ботай Созақ ауданы бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2, 5 пайыздық несиемен қамтуда 192 азаматқа көрсеткен қызметі үшін алығыс хатқа ие болды.

Мұнан әрі де марапаттаулар жалғасын тапты

Бұл жолғы марапаттауларды аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабабек Мырзабекұлы Жамиев тапсырды. Ал енді, мәслихат төрағасының қолынан марапатқа ие болған шаруа қожалық төрағалары мыналар еді: Рашит Айтуарұлы Сейітбеков, Сайфулла Шәкірұлы Садуллаев, Еркебұлан Нуриддинұлы Әдеханов, Абылай Мұсағалиұлы, Мақсұтбек Сайлауұлы Ибраимов, Тілікбай Ықылас, Сәкен Медетұлы Үсеновтер. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы мамандары: Арман Ануарбекұлы, Мұхтар Бижігітұлы Әділбеков, Шоқан Ержанұлы Аманжолөттар марапатын алды. Тағы да «Алтын Күз-2023» мерекелік шарасында бірқатар ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген кәсіпкерлер Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысының алғыс хатын табыстау құрметіне бөлім басшысы Таңатар Нақыпбайұлы Жақыпбаев ие болды. Бұл ретте де кілең ауданымыздың ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген шаруа қожалық төрағалары мен сала мамандары марапатқа ие болды. Заттай сыйлықтарға лайық болды.

Сонымен, ауданымыздың ауыл шаруашылығына аянбай қызмет етіп жүрген кәсіпкерлер мен сала мамандарының сабан тойындай боп кет-



болсақ, ауыл шаруашылығы саласына берілген үш жақты келісім бойынша берілген жоспарға сай, ауыл-ауылдардың көрсеткіштері төмендегідей болды:

Шолаққорған ауылдық округі: Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция тарту 254 %, Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған инвестиция 536 %, Егістік жерді игеру 100 %, тамшылатып суару әдісін 240 %, Жаңбырлатып суару әдісі 100 %, Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңалауды 100 %, Асыл тұқымды мүйізді ірі қара басын ұлғайту 18 %, Қой аналығын тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін арттыру 28 %, құс фермаларынашу 100% орындап I орынды иеленіп, аудан әкімінің алғыс хаты мен заттай сыйлығына ие болды.

Жартытебе ауылдық округі: Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиция тарту 241 %, Егістік жерді игеру 100 %, тамшылатып су-

жерді игеру 101 %, Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңалауды 50 %, Қой аналығын тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін арттыру 100 %, құс фермаларынашу 50% орындап жүлделі III орынға табан тіреді. Бұл ауыл әкімдігі де аудан басшысының қолынан алғыс хат пен заттай сыйлыққа ие болды.

Жәрмеңкеге үздік тауар әкелуші номинациясы бойынша Тасты ауылдық округі марапатталды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірген үздік кәсіпкерлер мен осы саланы дамытуға үлес қосқан басқарма, бөлім мамандары мен БАҚ өкілдері де марапатталды

Ауыл шаруашылығы бойынша жоғары көрсеткіштері үшін озат шаруалар: Шолаққорған ауыл әкімдігінен «Бірлік» шаруақожалығының төрағасы Мырзахан Назаров-Шөп



алғыс хатқа ие болды.

Құмкент ауылдық округінен Доңғалақты «Беларус- 82,1» маркалы ауыл шаруашылығы техникасын алған, ауданымыздың осы саладағы техникаларының жаңартылуына қосқан үлесі үшін «Қайдауыл» шаруа қожалығының төрағасы Бекдауыл Қуатбекұлы Төлепбаев аудан әкімінің марапатына ие болды.

кен «Алтын Күз-2023» мерекелік шарасы мәресіне жетіп, соңы концерттік бағдарламаларға ұласты. Ендеше, мұнанда молшылық муасымдарда, яғни, дәстүрлі мерекелік шара «Алтын Күз-2024» те кздескенше еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

Салт-дәстүріміздің жанашыры

Қайран, уақыт... Бүгінгі қарт, қарияларымыздың бір кезде ауылы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері аудан тарихында ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарт кісілерге үлкен мән беріліп, көңіл аударылып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілікте тыныш өмір сүруіне өз үлестерін қосқан. Саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуда жол ашқан қарттарымызға қандай құрмет жасалса да артық болмайды. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұлт ұрпақтарына үлгі, өнеге, таптырмас

жұрттың ықыласына бөленіп, ардақтысына айналса, кейбіреулердің бала-шағаның берекесін қашырып жүріп берекесіз шал-кемпір атанатыны шындық.

Қалай дегенде де Алланың берген ғұмырын әркім өз ақыл-парасатымен мәнді етпек. Қоғамның ізгілігі-балалар мен қарттарға жасалған қамқорлықпен бааланатыны бұлжымас ақиқат. Бұл тұрғыда еліміздегі қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, қорғаушысы жоқ кембағалдар жалпы зейнеткерлер жайы Президентіміздің дәстүрлі халыққа Жолдауында назардан тыс қалған емес. Жыл сайын мемлекет, қоғам, ауыдан, ауыл бо-



қазына. Қарттар-біздің асыл қазынамыз. Көпті көрген данагөй қарттарымыздың өнегелі өмірін үлгі ете отырып, ғибрат боларлық сөздерін бойларына сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білетін инабатты, ақылды, ата-баба аманатына адал, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген, еңбекқор, кішіпейіл, мейірімді, төзімді, өнерлі тұлға тәрбиелеу.

Ертеректе жайшылық күндері күн шуақтап, жиын-тойларда төр озып «Жасымда қаншалықты бейнет берсең, қартайғанымда соның зейнетін

лып мерекелер сайын, жай күндері болсын елеп ескеріп ардагерлерімізді құрметтейміз. Үлкендерге деген сый-құрметтің бір күннің аясында шектеліп қалмау керек. Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет-Алла Тағалам бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлінбейді де. Өйткені, бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәспісінен жаңылмаған. Халқымыздың «Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет» немесе «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» секілді пәлсапалық мәні зор қағидаларының жасқа да, жасамысқа да бағдаршам іспеттес болуы соның жарқын айғағы. Аузы дуалы ақсақалы бар ел жастарының бұл қашанда жөнсіздік пен жолсыздыққа бой ұрмасы хақ. Бұған бала тәрбиесіне ерекше ден қойған бабаларымыздың «атаңнан бата қалсын, бата қалсын», «түбіріне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген қанатты сөздері дәлел. Әрі бізге бұл тағы-



көрсете көр», – деп жаратқаннан жалбарынып тілек тілеп отыратын қарттарымыздың сөзіне талай куә болдық. Адам баласының әдемі қартай білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін әр сөздеріне тұздық ететін. Сол уақыттары бұл кәрі адамға әдеміліктің не қажеті бар дейтіндер болатын. Сөйтсек қарттарымыздың сөздерінің жаны бар екен.

Адамның жаратылғаны секілді әркімнің әртүрлі қартайтыны заңдылық. Біреулер шал тартқан шағында үрім-бұтағының ғана емес күллі

лымдар тарих беттерінен белгілі. Қоғамымызда түрлі діл, дін, тіл өкілдерінің өмір сүруіне қарамастан, түсіністіктің, сыйластықтың орнауында Президентіміз жүргізіп отырған сындарлы-салиқалы саясатпен бірге аға ұрпақтың да үлесі ерен. Сондай ынтымақ пен бірлік, татулық пен тұрақтылық жолында халыққа қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан ардагерлеріміз аман болсын. Қарияларымыз қашанда халықтың ыстық ықыласына бөленіп, өнегелі істердің басынан табылатын аяулы жандар.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Қариялар алтын қазық, ұстыным...

Қол берсең де жарасар, жол берсең де жарасар, тон берсең де жарасар қазыналы қарттар-ай!

Ауылдан жырақ кетіп, үйірінен адасқан саяқтай сан жылдардан соң елге келгенде жусан исі аңқыған далаңа сән берген қазыналы қарттыңды іздейсің.

Күн көзін алақанымен көлегейлеп жолыңды тосқан телегей теңіз шежіре қарттардың түйінін шеше білсең дүйім тыңдаушысы бірде дүр сілкінер, бірде сілтідей тұна түсер еді. Түнерген түнгі аспандай жағада тұрған ажал жартасқа кезегімен келіп соғылып, жұтылған толқын да өмір мұхитын қайта көре алмас күй кешеді. Сол толқынның соңғы демі жағадағы жартасқа соғылып тынады.

Қазыналы қарттықтың баспалдағы сақал қойып, шапан киюден басталмайды. Ағайынға айтар уәжі, шаршы топтағы сөзіңді дуасы, отбасындағы абыройынан бастау алады. Отбасындағы ата, көш басында абыз атана алар ма?!

Міне, шаңырағының шаттығы, ұлқызының тірегі, немере-шөберелерінің көз қуанышы данагөй қарттардың қадірі қандай сан тараптан өткен.

Өмірде абыройлы ата-ана болуы үшін ұл мен қыз қалай дайындалса, көпке танымал көке, ағайынға жұғысты апа болуы үшін де жас отбасы солай дайындалады.

Қарттықтың құдыреттігі де сондай-ау. Балалықтан даналыққа жетудің бұралаң жолдарында ұлы өмірдің емтиханы күтіп тұр. Сол емтихан естіге ем бергендей, еміне дем бергендей салиқалы ойы бар қария дәуреннің қаз табан сәтінде басыңа бақ та төгеді, бақ көтерер шақ та төгеді.

Бес күн жалғанда пенделіктің көк тиын әңгімесін айтуға құлқы жоқ қариялар-ай.

Бетегелі белін айтып, берекелі елін айтып, бетін жуған көлін айтып, бесік құндақ жерін айтып көл-көсір әңгімеге көміп тастап отырушы еді.

*Бойға құйып күн шуағын,
Ұғып жақсы күн туарын.
Елдің ырыс-ынтымағын,
Айтудан тым тыншымадың,
Ақ сақалың аппақ арың,
Ақ батаңнан бақ табамын.
Ақ ниетті абызым-ай.*

Адалдықтан аттамадың -дегізген даналарым, қазыналы қарттарым.

Қара халықтың арынан гөрі, қара қарынның қамын ойлаған, елдің еңсесін даралағаннан бұрын, биліктің кеңсесін аралаған шал-шауқаннан бөлек, дара мүсін абыз қарттар азайып бара жатқандай болады.

Ай аралатып, жыл жағалатып ауылға барғанда қос қолдап амандасар қария іздейсің. Ел ішіндегі ағайынның алауыздығына араша түсер, ауызбіршілігі мен ынтымағына ұйытқы болар, арына арқа сүйер ақсақалдарыңды іздейсің.

Таяғын беліне көлденең салып тіреуіш етіп, аядай ауылдың басынан аяғына дейін аралап өтіп, естігенін емес көргенін, көңіліне жаттағанын көкірегіне түйгенін байыппен ескертіп, ауылдың әр тұрғынының кемістігін түзеп, «арам шөбін» күзеп жүретін жәкелерім-ай.

Иә, алыстан келгенде алдымен қартыңа сәлем бересің, онсыз көңілің жай таппас. Әке-шешен де аман-есен келгеніңді көргеннен кейін «шай дайын болғанша атаңа барып сәлем беріп кел, Келгеніңді естісе елеңдеп отырған болар!» деп биіктік пен парасаттылыққа бет түзетеді.

Ісің оң болсын, ырысың мол болсын, үбірлі-шүбірлі бол, думанды дүбірлі бол, Алла амандығын берсін, қанағат, қазандығын берсін!-деп атаңның ақ батасын алғанда арқа басың кеңіп арманың бір табан жақындағандай сезімнің сергек күйін кешесің.

Даладай кең құшағы, сайын сахараны елестетіп, күн мен тер исі сіңген зерлі шапаны тарих қойнауына апарар алып кемедей желмен алысаяды.

Қыр басында тұрған қария қырымды көзбен шалатындай, алыс-алыс сайын далаға құмарта қарайды. Ассаламғалейкум ата! Елпілдей басып, ентіге жеткенде еңсеңді көтерер «Уағалейкумассалам!» деген сөзі сантарау жолдар, ұшақ, поезд, автобус ауысып тәуліктеп жүріп келген сапарыңдағы жол азабын жоқ етіп, көңіліңді тоқ етіп жеңілдетет түседі.

Мауқынды басып, абыз қарттың ақ батасын алып қайта сапарға шығарыңда тілеуіңді тілеп жүретін қарияларға қарағыштай ойға қаласың. Келесі келгеніңде кім бар, кім жоқ дегендей абыз қартқа аядай ауылыңды табыстап бара жатып қарияларың алтын қазығың екенін іштей ұғынып Алладан ұзақ ғұмыр тілейсің.

Ортасына түсірмей-ақ топтың да,

Қажеті жоқ еді-ау заңгер, соттың да.

*Жәкем айтты десе болды заң еді.
Шүріппесі еді-ау жалғыз оқтың да.
Айтар еді бүкпесіз шын кесімін,
Кесірткеше қақ бөліне кесілдің.
Бүкіл ауыл қолдар еді жәкемнің.
Бір-ақ ауыз айтқан сол бір шешімін.
Ел ішінде қыңырың да, тентегің,
Сарбазың да, сылқымың да селтеңің.*

*Бір-ақ ауыз «айналайын» деген де.
Түзетер ед теріс киген телпегін.*

Жәкелер-ай қарттарымы-ай қабырға.

*Қамқор едің қарашаға қауымға.
Сағындық қой сағым болмай қайта орал.*

Құт ұяңа, қыдыр қонған ауылға!-дегің келеді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Елдің беделді азаматтарының мал-мүлкі тәркіліп, ит арқасы қияңға жер аудару, салық түрлерін көптеп салып, наразылық білдіргендерді Созақтағы абақтыға жауып тастау сияқты шолақ белсенділердің залымдық іс-әрекеттері шегіне жетіп, халық еріксіз қолына қару алып, әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа қарсы шығады. 1930 жылғы ақпан айының басында бұрқ ете қалған тарихта “Созақ көтерілісі” деген атпен белгілі болған бүліншіліктің басшыларының көпшілігі де Сүгір күйші мен Жаппастың ауылдас туысқандары, Тама руларының белді азаматтары - аза күндері хан болып сайланған Шалақұлы Сұлтанбек пен бас сардары болған, атақты мерген Аралбайұлы Салықбай болатын. Халықтың бұл бас көтеруі бодандыққа, жаңа жүйенің қанды шеңгеліне қарсы шығып, бостандыққа ұмтылған жәннайқайы еді. Кеуделерін кек кернеп,

қара бұлты әлі ыдырай қоймаған еді.

Бүкілқазақстандық халық таланттарының тұңғыш өтетін слетіне жерден өңшең өнерпаздар бас қосады. Әуелі құдай, ата-бабаларының рухы қолдап, бойындағы өнерін ірікпестен үлкен сахнада көпшіліктің талқысына салуға жол ашылады. Сол жылдары жарық көрген газет-журналдар астанадағы Бүкілқазақстандық халық таланттарының тұңғыш слеті күндерінен жаңалық хабарларды жақырап жазады.

“Әсіресе, Оңтүстік облысы Созақ ауданынан келген бір жас жігіттің қобыз тартқаны жұртты өте ынтықтырды. Бұл Қаламбайұлы деген жолдас. Қобызбен “Жез киік”, “Аққудың атылуы”, әсіресе “Қасқырдың ұлығы” деген күйлерді тартқанда таң қалмаған адам болмады. Жаппас көркемөнерші қобызбен “Өз күйім” деген күйді тартты. Бұл “Өз



әсерлі үнімен тыңдаушысын бірден баурап алатын. Оның орындауындағы қазақтың әндері үн таспаға жазылып алынған. Әндердің орындалуы өте таза, әсем, құлаққа жағымды болып естіледі де, шынайы жүректен шығатыны байқалып, тыңдаушыға қатты әсер береді. Демек, Жаппас Қаламбаев тек қана домбыра күйлерін қобызға түсіріп ғана қоймай, ол халық әндерін, замандас кәсіпқой халық әндерінің әуендерін қыл-қобызға арнайы түсіріп, көркемдеп орындаған. Олар Жаяу Мұса, Ыбырайдың «Гәккүйін», Біржанның, Естайдың, Ғазидің, Ақан серінің, М.Ержановтың әндері болатын. Себебі, оның өскен ортасы, еңбек жолындағы араласқан өнер адамдары, халық әнін, халық композиторларының әндерін жеткізуші, насихаттаушы әншілер болатын. Атап айтсақ,- Қазақстанның халық әртіс-

Қобызшы Жаппас әнші де болған

ашу-ызадан бұлыққан елдің азаматтары алдын-ала келісілген уақытта - ақпанның 7 жұлдызында таң ата бас қосып, аудан орталығы Созақ қыстағына басып кіріп, “Шаш ал десе, бас алатын” шолақ белсенділерді қолға түсіріп, жаппай сабау, кек қайтаруға қызу кірісіп кетеді. Бас көтерушілер қолына не түссе сонымен - шиті мылтық, таяқ, орақ, балта, айырмамен қаруланып, кеңселерді, кооперативтерді, қамба мен дүкендерді тонады. Абақтының есігін бұзып, қамбауда жатқан адамдарды босатып алады. Көшеге шыққан көтерілісшілер маңдайларын ақ сұрыппен байлап, ақ тү көтеріп, кеңес орындарына басып кіріп, шаш қойған қызметкерлерді ұрып-соғып, көшеге алып шығып, аяусыз жазалайды. Артынша Созаққа қарай қаптаған бақайшығына дейін қаруланған қызыл әскер көтерілісшілерді аяусыз қырғынға ұшыратады. Бұдан кейінгі сахара елінің өмірі аянышты еді. Бұрын-соңды мұндай қиямет-қайымды көрмеген халық төбесінен жай түскендей ата жұртын тастап топ-топ болып, жаяу-жалпылы күнгейді бетке алып, “Кіші Октябрьдің” зардабынан тоз-тозы шыққан ел Өзбекстан мен Тәжікстанға, Түркіменстанға қарай үдере қашады.

Созақ көтерілісі басталғанда оның басшылары шыққан және кіндігі болған №12 ауылда Сүгір күйші мен Жаппас Қаламбаевтар тұрып, өмір сүргенімен олар көтеріліске қатыспай тысқары қалады. Сол жылы Сүгір күйшінің жасы 52-лерде, ал Жаппас болса 21-дегі тепсе темір үзетін, бойында күш-қайраты тасқындаған қыл-шылдаған жігіт кезі болатын. Көтеріліс туралы қағаз бетіне түскен тарихи деректерден, сол қанды оқиғаның басы-қасында болған көптеген көнекөз қарттарың айтқан әңгімелерінен қос өнер иесінің көтеріліске қатысқаны туралы ешбір деректі кезіктіре алмадық. Жаппас Қаламбаев өзінің ауылдасы әрі туысқаны, бәрінен де рухани жақын ұстазы Сүгірдің қас-қабағына көбірек қараған болса керек.

1934 жылы Алматыда өтетін халық таланттарының бүкілқазақстандық слетіне қатысуға оңтүстіктің шалғайындағы Созақ ауданынан да өнерлі жандар іздестіріле бастайды. Ауыл-ауылдағы өнерлі жандардың бұл тізіміне алғашқылардың қатарында Сүгір мен Жаппастың да есімдері ілінген болатын. Сүгір күйші Алматыға барып, өнер көрсетуге құмбыл болмады. “Бір ауылдан екеуіміздің бірдей барғанымыз жараспас, сенің жасың кіші ғой, өзің барып бағыңды сынап қайт!” дейді Жаппасқа. Бұл оның өзінің өкшесін алып, бойындағы өнерін ұштап келе жатқан жасқа жолын бергені, тілектестік білдіргені болса, екінші жағынан кешегі Созақ көтерілісінде төңірегіндегі жақын жандарды қынадай қырып салған кеңестің солақай саясатына әбден зәрәзәп болып қарайған көңілінің

күйі” өзінің қобызшылық тәжірибесіне қарап тапқан табысы болса керек, сондықтан өзі де атын “Өз күйім” деп тартып отырғаны сол көрінеді” деп жазады “Социалистік Қазақстан” газеті 1934 жылы 16 маусым күні.

Жиырма бестегі жалындаған жас жігіт Жаппас Қаламбаев үлкен сахнаға тек қобызда күй толғаймын деген оймен шығып, елдің қошамет-ілтипатына көңілі шалқыған соң өзі жақсы көретін “Жалған-ай” әнін де шырқап жіберсе керек. Қобыз үнін баяулатып, даусын қаттырақ шығарып шырқаған ән әуезі жүректен тербеп, құйқылжи естіледі. Әрі қобызға қосылып, ән шырқағаны тосын көрініп, көпшілік ел риза болып, дуылдата

ру да қолға алынған болатын. Ахмет Жұбановтың тікелей жетекшілігімен ұйымдастырылған Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестріне қобызшы болып жұмысқа қабылданады. “Адамды орта билейді” деген тап рас екен. Алғашқы өнерпаздардан біріктірілген ұлт аспаптар оркестрінде қызметке кіріскенде халық таланттарының қайта дайындаудан өтуіне тура келді. Көп аспаптың басын қосып, бір үнмен толғау үшін музыкалық сауаттылығы ала-құла жандарды оқытып, бағыт-бағдар беруде академик Ахмет Жұбанов бастаған білікті мамандардың көп тер төгуіне тура келді. Ахаңның басшылығымен оркестрде қылқобыз тобы ашылып, оған Жаппастың өзі жетекшілік етеді.

Қобыздың оркестрге лайықталған үлгілерін жасау шеберлер Романенко мен Қамбар Қасымовқа жүктеледі. Өнерпаздардың көпшілігі оркестрде жұмыс істей жүріп, ара-арасында консерваторияда музыкалық сауат ашуға ден қояды.

Қызы Дина апайдың айтуы бойынша, ол Ахмет Жұбановпен бірінші кездескенде ән айтып, қобыз бен домбыра тартып өз өнерін көрсетіпті. Сонда Жұбанов: “Сен әніңді қоя тұр, әншілер баршылық, бізге сенің қобыз өнерің қажеттерік болып тұр деп,- деп айтып қалыпты.

“Өкінішке орай, мен бала кезімде анам Гүлжәмиладан еститінмін, әкем жылы даусынан айырылып, ән айта алмай қалған. Себебі қатты ауырып, тамағына суық тигізіп алған көрінеді. Әкем бір жолы үлкен концертте ән айтып, қобызын ойнап шыққан кезде қатты ауырып, қызуы көтеріліп, төсек тартып қалған екен. Көңіл сұрап келген академик Рахманқұл Бердібаев әкемді емшіге апарып емдетті. Осы жағдайдан кейін, әкем ән салмайтын болды-дейді қызы Құндыз.

Шыныменен, Жаппастың ән салу құштарлығы оның қобызда орындаған әндерінде де байқалады. Ол әнді қобыздың жұмсақ сазды шалқыған әсем әуенімен ұлттық сипатта келістіре орындайтын. «Әннің өмірлі болуы, оның орындаушысына байланысты» деген орыстың музыка зерттеушісі А.Серовтың тұжырымына әбден сенуге болады. Жаппастың орындауында қайсы әні болмасын, жүрек қылын шертетін әуезділігімен,

тері М.Ержанов, Ж.Елебеков, Қ.Байжанов, К.Бәйсейітова, Ж.Омаровалар еді. Осы көрнекті әншілердің ықпалы Ж.Қаламбаевтың шығармашылығына үлкен әсерін қалдырған болар. Ол халық әндерін қылқобызда орындағанда, әр әннің әуені, ырғақ ерекшеліктерін төл нұсқасындағыдай әрі сақтап, әрі әсерлей білген. «Ж.Қаламбаевтың орындауындағы үн таспадағы әндерден оның тек қылқобызда шебер орындаушы ғана емес, әншілік өнердің де қыр-сырын аса меңгергендігі байқалады»-дейді белгілі Астана филормониясының әншісі Айтбек Нығызбаев. Қаламбаевтың орындауындағы Манарбек Ержановтың «Паравоз» әніне жеке тоқталсақ, М.Ержанов әнші-композитор ретінде, республика өмірінде болып жатқан елеулі оқиғаларға өз үнін қоса білген дарын иесі. Оның «Паравоз» әні Қазақстандағы Турксиб темір жолының жүргізілуіне орай шығарылған. Бұл-ән оның композиторлық шығармашылығында сәтті шыққан туындыларының бірі. Ән Турксиб темір жолы арқылы қазақ жеріне келген үлкен жаңалық лебін бейнелейді. Жаппас қобыздың орындауында әннің қуаныш пен шаттыққа толы ашық, жарқын әуенін тыңдаушыларға жеткізе білді. Бұл әнде Қазақстанда жүзеге асырып жатқан ұлы өзгерістердің куәсі болған композитордың, көңіл сүйінішін анық сезінуге болады. Төрт айлық жолды алты күнде жүріп өтетін темір тұлпар туралы ән жұртшылыққа тез тарап кетті. Әннің музыкалық құрылымындағы айрықша атап өтетін ерекшелігі-композитор екі түрлі сипаттағы әуенді, қоңыржай лирика мен термені бір-бірімен шебер қабыстырып, жаңа көркемдік шешім таба білген. Терме ырғағы әннің екпініне екпін қосып, әуенін жаңа бояу-реңмен ажарландырып, құлпырта түседі. Жаппас осы әнге неше түрлі қобызға тән иірімдер қосып, өте әсерлі орындаған. Өз аспабына лайықты, дыбыс ерекшелігіне сай келетін әндер мен шығармаларды тандай білу, әрине әнге тән орындаушылық қалыпты қадағалау-аспапшының орындаушылық шеберлігінің бір қыры еді.

1936 жылы мамыр айында Мәскеу қаласында өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің күндеріне Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің құрамында оркестрдің жеке орындаушысы және әртісі ретінде қатысқан қобызшы Жаппас Қаламбаевтың өміріндегі елеулі кезеңдердің бірі болды. Академик Ахмет Жұбановтың басқаруымен ұлт аспаптар оркестрі Құрманғазының “Сарыарқа”, “Адай”, “Серпер”, “Көбік шашқан”, “Қосалқа” күйлерін асқан шеберлікпен орындайды. Сол кездегі Одақтан шығатын газеттер: “Концертте оркестр мен әншілер ғана емес, екі тізесінің арасына қойып ысқымен ойнайтын қобыздар да ән салды” деп жазған еді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- Болашаққа деген сенім

Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айтқандай, «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» екендігін атап өтті. Яғни сыбайлас жемқорлықпен күресте қызметкерлер мен қатар қарапайым халыққа қоғам болып күресу керектігі, жемқорлыққа деген сананы көзқарасты өзгертуіміз қажеттігін білдіреді.

Мемлекет басшысының кезекті жолдауын іске асыру үшін Агенттікпен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасы әзірленген болатын. Бұл Тұжырымдамада жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту, парасатты қоғам қалыптастыру, жемқорлықты азайту, жазаның бұлтартпастығын күшейту, азаматтық қоғамды тарту және тағы басқа маңызды мәселелер қамтылған.

Тұжырымдамадағы басты жаңалықтардың бірі- негізсіз баюға жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру және «Integrity check» адалдыққа тексеруді енгізу болып саналады. Ағымдағы жағдайды талдауда жетістіктермен қатар бар проблемалар белгіленді:

- «Тұрмыстық» жемқорлық;
- Бюджеттік процестермен сатып алулардың ашық еместігі;
- азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсінікті және қолжетімді түсіндіру стандарттарының болмауы;
- азаматтық қоғаммен сындарлы өзара іс-қимыл тетіктерінің жетілмегендігі. Осы мәселелердің барлығы бізге таныс және шешу үшін қоғам болып, біріге отырып көптеген жұмыстар жасалуы тиіс.

Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маман заңгері.

Сексеуілді сиретпейік!

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден суың. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе түз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Сексеуілдің өркенін ауызға салып шайнаса, оның дәмі сортаң-көрмек татиды. Сексеуілдің жас бұтақтары мен тұқымын түйе жыл сайын күзде және қыста жейді. Оның тамыры 10-11 метр тереңдікке дейін кетеді. Сирек те болса ара-арасында бұтақтарының биіктігі 5 метрге дейін өсетіндері бар. Сексеуіл сияқты дала еркесіне аялы алақан мен жылы көзқарас аса қажет.

Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұратындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

Ж.ТАҒАТОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің аға орманшысы.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан



Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, аяулы жар, асыл жан **Кембилова Рымбала Жаппарқызы** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Асыл ана, бәйітерегің саялы, Ұл-қызыңа, немереңе құшағын кім жаяды?!

Сіз кеткелі жылдың жүзі болса да, Маңдайдағы алақаның аялы.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан,

Бұл өмірдің тұрлауы жоқ, баяны, - деп, анамыз Рымбала Жаппарқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 7 қазан күні (6 қазан – қонақ асы сағат 18.00-де) Шолақорған ауылы, Абай көшесіндегі өз шаңырағында сағат 12.00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, Мерекебаевтар әулеті.

Жарықтандыру дегеніміз- жарықтандыратын жерге түсетін жарық ағымының тығыздығы. Жарықтандыру бірлігі болып люкс (лк) қабылданған. Табиғи жарық-күн сәулесінен түскен ультра күлгін сәулелері. Жасанды жарықтандыру табиғи жарық жетіспейтін немесе табиғи жарық жоқ кезде қолда-

көтереді, жұмыс қабілетін жоғарылатады, бөлменің санитарлық жағдайын жақсы жағдайда ұстап тұруға әсер етеді. Жасанды жарықтандыру қыздыру шамдарының көмегімен іске асырылады, онда сымдағы жылу энергиясы жарық энергиясына айналады. Соңғы жылдары қыздыру шамдары эконо-

Инсоляция дегеніміз- күннің адамға тікелей әсеретуі. Адам ағзасына күн тікелей әсер еткен кезде адамның тамырының соғуы жақсы болады, күре тамырдың ең жоғарғы және ең төменгі қысымы қалыпты жағдайда болады, қанның соғу мөлшері артады, қанның құрамындағы холестерин азаяды,

Табиғи және жасанды жарық

нылады. Адамның көзіне күш түсетін жұмыс кезінде (түстерді айыратын жұмыстар, тігін машинасымен тігу кезінде) ақ түсті немесе сары түсті шаммен жарықтандырылған дұрыс, сонымен қатар ол жерді қосымша жергілікті шаммен жарықтандыру керек.

Күн сәулесі жарықтандырудың ең үлкен көзі болып табылады. Тұрғын үйлерді және қоғамдық ғимараттарды жобалауда оның табиғи және жасанды жарықтануының жақсы болуы маңызды орын алады. Табиғи және жасанды жарықтану жақсы болса, ол адамның көру қабілетіне жақсы әсер етеді, адамның өмірлік тонусын

микалық жағынан тиімді люминесцентті шамдармен алмастырылуға. Люминесцентті шамдағы төменгі қысымдағы ультра күлгін жарығы, шамның қабырғасындағы люминофорлардың жарықтану әсерінен көзге көрінетін жарыққа айналады. Люминесценттік шамдар тек экономикалық жағынан ғана емес, гигиеналық тұрғыдан да тиімді. Себебі ауа температурасын өзгертпейді және табиғи жарыққа жақын.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жүйелі инсоляциямен және жергілікті табиғи жарық көзімен қамтамасыз ету тұрғын үй гигиенасының маңызды мәселелерінің бірі.

ұлпа арқылы дем алу, негізгі зат алмасу артады. Балалар ағзасы үшін өте үлкен рөл атқарады. Күн сәулесінің ультра күлгін бөлігі адам ағзасына мешел ауруының туындауына қарсы және бактерицидке әсер етеді.

А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЗБҚ
«ҰСО»ШЖҚ РМК
Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.
Л.ҚОСДАУЛЕТОВА,
санитариялық-гигиеналық зертханасының зертханашысы.

Туберкулезден сақ болайық!

Туберкулез әлемдегі ең көп таралған аурулардың біріне жатады. Біздің медицина алдын алу, науқастарды ерте анықтау және тиімді емдеу құралдарымен қамтылған. Егер туберкулезге тән белгілер пайда болса және уақтылы емделсе, туберкулезді жұқтырудан және оның асқинуларынан аулақ болуға болады.

Инфекцияның негізгі көзі – туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас, ол сыртқы ортаға жетелгенде және түшкіргенде қақырықпен бірге туберкулез таяқшаларын шығарады.

Туберкулездің негізгі белгілері: 2 аптадан астам жетел, кеуде тұсындағы ауырсыну, түнгі терлеу, дене салмағының төмендеуі, температура 37 - 37,5 градусқа дейін ұзақ уақыт көтерілуі, жалпы шаршау. Бұл белгілер басқа ауруларда да пайда болуы мүмкін. Мұндай белгілердің себебін тек медицина қызметкері анықтай алады. Жетел туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарда негізгі симптом болып табылады.

Туберкулездің алдын алу бірнеше кезеңнен тұрады:

Спецификалық – бұл баланы туғаннан кейін 2-4-ші тәулікте перзентханада вакцинациялау. Вакцинация нәтижесінде баланың денесінде иммунитет пайда болады, ол белгілі бір уақытқа созылады. Сондықтан бірнеше жылдан кейін балаларды 6 жасында бір рет ревакцинациялау жүргізіледі.

Балалардағы аурудың алдын алуға туберкулезге қарсы вакцинация жүргізу, жұқтырған туберкулезді сынамаларын уақтылы анықтау және уақтылы сауықтыру шараларын қабылдау өте маңызды.

Сонымен қатар, балаңызды вакцинациялау туралы мәселелерді шешкен кезде, ең алдымен, интернеттен алынған негіздері жоқ ақпаратқа, медициналық білімі жоқ, осы салаға кездейсоқ адамдар орналастырған ғылыми зерттеулерге емес, нақты ғылыми мәліметтерін, вакцинопрофилактика саласындағы ғалымдардың, мамандардың ғылыми негізделген ақпарат көздерін, жарияланымдарын басшылыққа алу керек.

Профилактикалық екпелерден бас тарту арқылы ата-аналар баланы инфекциялардан және оның зардаптарынан қорғау құқығынан айыратынын есте ұстаған жөн.

Санитариялық-эпидемияға қарсы профилактика инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған мынадай шаралар кешенін қамтиды:

- ересек тұрғындарды тұрақты флюорографиялық қарап-тексеруден өткізу;
- балалардағы туберкулезді уақтылы анықтау үшін тәуекел тобындағы балаларға Манту сынағасын қою;
- туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдарды уақтылы тұрақты қарап-тексеру;
- туберкулез инфекциясы ошағында санитариялық іс-шаралар өткізу (науқасты оқшаулау және емдеу, дезинфекция жүргізу);
- науқастар мен байланыста болған адамдардың санитариялық-гигиеналық дағдыларын әзірлеу, халықтың санитариялық сауаттылығын арттыру.

Туберкулезге қарсы күрес – біз бәріміз бірге осы қауіпті аурумен күрескен кезде ғана сәтті болады.

Вирустық гепатиттердің алдын алу

Гепатит инфекциясы бүкіл әлемде кең таралған. Вирустық гепатит – бұл А, В, С, D және E гепатит вирусының бірі тудыратын бауырдың қабынуы.

Бұл вирустар әр түрлі жолмен таралады: А және E гепатиттері – ластанған тамақ пен су арқылы; гепатит В – қан және дененің басқа сыйықтықтары арқылы; гепатит С – негізінен ластанған қан және D гепатиті – В гепатиті болған кезде қосымша инфекция ретінде таралады. Осы вирустардың барлығы жедел гепатитке әкеледі, оған шаршау, тәбеттің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі, сарғаю тән. Көптеген науқастар толық сауығады. Сонымен қатар, В және С гепатиті инфекциялары созылмалы түрге ауысып, цирроз бен бауыр ісіктеріне әкелуі мүмкін.

Аурудың ұзақ мерзімді динамикасын талдау бойынша соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде жедел вирустық гепатит А және В гепатитіне қарсы жүйелі иммундаудың арқасында жедел вирусты гепатитпен сырқаттанудың тұрақты төмендеуі байқалды. Өзіңізді гепатит инфекциясынан қорғау үшін қарапайым қағидаларды сақтауыңыз керек. Гепатит инфекциясын қауіпсіз тамақпен және сумен қамтамасыз ету (А және E гепатиттері), вакциналар (А, В және E гепатиттері), донорлық қан скринингі, зарарсыздандырылған инъекциялық жабдықтармен қамтамасыз ету және инфекциялық бақылау (В және С гепатиттері) арқылы алдын алуға болады. Қайнамаған суды ішпеңіз, жемістер мен көкөністерді әрдайым жуыңыз, тағамның

термиялық өңдеуін назардан тыс қалдырмаңыз. Осы ұсынымдарды орындау арқылы А гепатитін жұқтырудың алдын алуға болады.


Жалпы басқа адамдардың дене сыйықтықтарымен, әсіресе қанмен байланыста болудан аулақ болу қажет. Микроскопиялық мөлшерде адамның қаны ұстаранда, тіс щеткасында және тырнақ қайшысында қалуы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөлісуге болмайды. Пирсинг пен татуировканы стерильді емес құралдармен жасауға болмайды. Жыныстық қатынас кезінде сақтық шаралары мен қауіпсіздікті сақтау қажет.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Көмекей әулие атанған...

(Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына - 330 жыл)

Қазақ халқының саяси - әлеуметтік өміріне қырық жылдан астам уақыт ықпал етіп, билігін жүргізген атақты Абылайханның арқалы биі, данағай ақылшысы Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы Арқа өңірімен тығыз байланысты. Бұқар жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл



үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген.

Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылайханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі - жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі.

Әсіресе, Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді.

Мұсылманша хат біліп, сауатты болған Бұқар жырауды, заманындағы сыншылар «көмекей әулие» деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Оның бізге жеткен 1200 жолдай мұрасының барлығы да ел аузынан жазып алынған.

Жырау мұрасын алғаш жариялаушы, оны орыс оқырмандарына кеңінен таныстырған Шоқан Уәлиханов. Ал, алғаш рет ғылыми-зерттеушілік сипатта шығарма жазған Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды. Оның «Қара мес» аталатын әдеби мұра үлгілерін жинаған қолжазба кітабында «Ақын-жыраулар мұрасы» бөлімінде жырау өмірі мен ата тегі туралы дерек тұңғыш рет айтылған.

Биыл, өз заманының кемеңгер абызы атанған Бұқар Қалқаманұлының туғанына-330 жыл. Осы орайда жырау өмірі мен шығармашылығына арналған әдебиеттер тізімін оқырман назарына ұсынамыз!

Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы. – Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, «Ғылым» баспасы, 1992. – 48 б.

Омари, Жамбыл. Бұқар жырау: Ғұмырнама. Астана: Фолиант, 2008. – 360 б. – («Нартұлға» сериясы) Шыныбектегі Қ. Ботақара – ием Бұқар жырау – киём: өлеңдер, әндер, күйлер, мақалалар мен новеллар. – Қарағанды: Баспа, 2008. – 197 б.

ЕзТөрөқұл, Н. Даланың дара ділмалары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001, - 592 бет.

Бұқар жырау: Энциклопедия. – Астана: Фолиант, 2013. - 632б. – («Сарыарқа кітапханасы» сериясы). Бұқар жырау: энциклопедия / ред. Н. Дулатбеков. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013. – 600 б. Мағауин, М.

**Бақшагүл МОМЫНОВА,
Аудандық орталық
кітапхана библиографы.**

Ойтолғау

Қоғам-жалпы мағынасында мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және де өздерің біртұтас, өзгеше бірлестік деп білетін адамдар тобы.

Қоғам, біртұтас қоғам өмірі болып келеді. Қоғам деген сөзінің өзі қоғамның біртұтас қоршаған, сол қоғамда өмір сүретін адамдар типі. Рухани өмір-қоғамның өмір сүруі мен қызмет етуінің маңызды жағы. Егер қоғам өмірі маңызды жағдайға ие болатын болса, қолайлы рухани климат қалыптаса алады. Өйткені руханилық

өзің қалыпты жағдайда, өзің бақытты сезініп, жақсы көңіл-күйде болса, бала да жақсы қалыптасып өмірге келеді, ал барлығы кері болған жағдайда сәбиге өте зияның береді, бұлда бір қоғамның балаға деген әсері десек болады. Әрі қарай бала ананың құрсағында жатып дамиды өседі, жетіледі 9 ай, 9 күннен кейін туылады деп есептесек, әрі қарай қоғамның бір кішкентай мүшесі болып шыға келеді. Кішкентай сәби қоғамға әсер ете ала ма? Әрине әсер етеді. Қоғамды дамыту

байланысты болады. Бала жетіледі, өседі өз ортасын табады, көбінесе осы айтып отырғандай ортасы да, ол балаға қатты әсерін тигізеді. Баланың неге қызығатының? немен айналысқысы келетінің? білу ең маңызды негіз. Сол қызығатын жақсы жолын нұсқап беру парыз. Мектепті бітірмей, тұрып қандай мамандық иесі болатының өзі шешіп, осы өзі өмір сүріп жатқан, елге, қоғамға үлесін қосу үшін тағы да жол сілтеген артықтық етпейтін қағида. Бала жетіледі, дамиды, мамандық таңдайды, осы кездерде қателеспей өтіп өзі ұнататын мамандық иесі болады. Сол мамандықты кемінде 4 жыл оқиды, маман болады. Осы кезде қоғамның ең мықты қозғаушы күші бол алады. Бәрін алға сүйрейтін де әрі қарай дамытатын да осы бір азамат пен азаматша болып саналады. Былайша айтқанда тұлға. Тұлға өзі өмір сүріп келе жатқан қоғамды түзейді, қалыптастырады, дамытады сол кезде ғана нағыз өр тұлға болып шыға келеді. Қоғамның негізгі маңызды, қоғамға нақты әсер беретін дамытатын адамзат баласы болып шыға келеді.

Біздің қазіргі қоғамда пайдалы жақтардан көрі, зиян жақтар өте көп кездесіп жатады. Күнде естіп, көріп жүргенімізбенен біз қорытындылай аламыз. Бірақ сонымен қатар қоғамның дамуына зор үлес қосып жүргендерді де айтпай кетпеуіміз керек. Не болса да, не кездессе де, біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздан шығатыны белгілі. Сол үшін бірінші қоғамды емес енді жетіліп, енді қадам басып келе жатқан балалар менен жасөспірім және де қоғамды жақсы жақа қозғушы, қоғамда зор орны бар өзімізден бастауымыз керек екенін білген дұрыс. Қоғамның қашан да қозғаушы күші, сол елдің білімділері мен ғалымдары екенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Саналы ұрпақ тәрбиелеу, қоғамды түзеу, өзіміздің қолымызда.

**Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің
тілшісі.**

Қоғам өмірі

тек қана адамға тән және оны басқа тіршілік иелерінен ажырататын, табиғаттан және де осы жер шарына уақытша иелік ететін адамдар болып саналады. Рухани қызмет осы қоғам өмірімен тығыз байланыста. Өйткені адам қоғам өмірімен айналысады.

Қазіргі біздің қоғамды кімдер құрайды? Қазіргі біздің қоғамды, осы қоғамда өмір сүріп жатқан адамдар құрайды. Ол адамдарды осы, қазіргі қоғамды толық негізде құрайды деп айта алмаймыз. Не себепті? Біз осыны арыдан түсіндіруге тырысайық... Дәл қазіргі қоғамды ең бірінші кезекте, біздің балаларымызды тәрбиелеп жатқан ата-аналар құрайды. Өйткені жас ұрпақты тәрбиелейтін ана, ең бірінші уыз сүтімен қоғам дәмін, адам жанын түсіндіре алатын тағы да ана. Ана қоғамның өшпес бір негізі болып саналады. Ана қоғамды алға сүйрейтін де, артақа кері кетіретін де ең қарапайым, ең маңызды қозғаушы фактор десек қате айтпағанымыз. Бала іште жатқанда-ақ қоғамды көрмесе де тыныс-тіршілігімен, адамның жан-тәнімен бірге өсіп келеді. Неліктен? Сәби ананың ішінде жатқанда-ақ қоғамның қандай болатының өзіңе сіңіріп, мінез-құлқы қалыптасып дамиды. Бұл жерде де анаға тікелей байланысты болып келеді. Ана үшін өмірге келді. Әрі қарай оның қоғамның қай жағынан мүшесі болатының тікелей байланысты оның ең жақындары, әке мен анаға байланысты. Біріншіден ананың бесікте жатқанда-ақ оған уыз сүтімен, анасының сөйлеу тілімен машықтандыра бастайды. Әрі қарай дамиды, өседі, бұл жерде әкесіңде рөлі өте маңызды. Өсе келе ол ненің не екенің біле бастағанда, ол бала мектеп табалдырығын аттайды. Ол жерде әрине оның екенші анасы ұстазы күтіп алады. Баланың ең маңызды дамуы осы кезден бастау алады. Өйткені бала бұл жерде ең бірінші тәртіпті, білімді өз ана тілі бар екенін үйренеді. Бұл жерде қоғамның әсері қатты балаға әсер етеді. Бала дамиды, осы тұста кіші бала мектеп табалдырығынан аттаған кезден бастап ата-анасының да ұстазының да қателесуге қақысы болмайды. Не себепті? Өйткені қоғамның бір үлкен өсіп келе жатқан, сол елдің келешек азаматы мен азаматшасын тәрбиелеп жатқының түсіну керек. Жас бала қай жолға түсетінің, қай жолмен кететінің үйіндегі ата-анасыменен тікелей ұстазына байланысты. Қоғамның алға қарай жетелейтін күші бола ма? Әлде бұл қоғамды жаман жақа қарай тартатын күші бола ма? бәрі-бәрі сол кезден бастау алатын факторларға

Аналық алғысымды айтамын

Ризашылық дегеніміз адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі. Өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіруді алғыс дейміз. Алғыс-адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай-ақ оның ойы мен іс-әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі болып есептеледі.

Менің айтпағым, жуырда немерем сырқаттанып, күрделі ота жасау керек болды. «Ауру айтып келмей» демекші аяқ астынан болған жәйт отбасымызды біршама есеңгіретіп тастағаны рас. Не-

мерем Ақманар Ержанқызы мектеп оқушысы. Ол кенеттен кеуде тұсы шаншып, мазасын қашырып тұрғанын айтып шағымданды. Аудандық ауруханаға дереу жеткізіп, дәрігерлердің тексеруінен кейін ота жасау керектігі анықталды. Отаны Алматы қаласында жасату керек екен.

Осы мәселе бойынша көмек керек болған соң, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына арнайы барып, қабылдауында болдым. Мән-жайды түсінген аудан басшысы шұғыл түрде аудандық аурухана бас дәрігерімен сөйлесіп, кеңесіп, портал арқылы Алматы қаласында ота жасатуға көмектесетіндігін айтты. Барлық құжаттардың дер

кезінде жасалуына жәрдем беріп, бүгінде немереме ота жасалынды. Қазір немеремнің жағдайы жақсы.

Сол себептен, көмек қолын созған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына аналық алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ, Алматы қаласына барып келу жолымыз бен керек-жарағымызға қаржылай көмек берген аудандық мәслихат депутаты, кәсіпкер Бағлан Сүгірбаевқа, аудандық орталық аурухана ұжымына көптен-көп рахмет айтамын!

**Райхан ЖЫҒЫЛБАЕВА,
зейнеткер,
Шолақорған ауылы.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

**Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

**Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:**

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асқан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Күрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай